

## Ақтөбе облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 352 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қазанда № 24970 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 30 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 13.02.2023 № 30 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2023 бастап туындаған қатынастарға таралады).**

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 8-4) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*О. Уразалин*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы  
25 қазандағы № 352 қаулысына  
қосымша

## Ақтөбе облысы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Үйірме атауы	Бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге
---	--------------	--

		Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны	айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)
Ғылыми - техникалық бағыт - 525			
	Оның ішінде:		
1	Компьютерлік графика	50	14245
2	Жас радиотехник	25	14245
3	Қызықты электротехника	25	14245
4	Судомодельдеу	25	14245
5	Авиамодельдеу	25	14245
6	Автомодельдеу	25	14245
7	Робототехника	50	14245
8	Веб - бағдарламалау (Java Script, HTML, CSS)	50	14245
9	Бағдарламалау (Python, Java, C)	50	14245
10	SMM және блогерлік	50	14245
11	Мобильді қосымшаларды бағдарламалау	50	14245
12	Жасанды интеллект	50	14245
13	Бизнес негіздері	50	9680
Көркем - эстетикалық бағыт - 1685			
	Оның ішінде:		
1	Жетіген	100	9680
2	Вокал	75	9680
3	Ұлттық би	200	9680
4	Спорттық бал биі	50	9680
5	Заманауи (эстрадалық) би	150	9680
6	Домбыра	100	9680
7	Модель мектебі	120	9680
8	Керамика және мүсін	30	14245
9	Бейнелеу өнері	100	14245
10	Ментальды арифметика	100	9680
11	Жас полиглот	400	9680
12	Шешендік өнер	100	11378
13	Актерлік шеберлік	160	12377
Көркем - эстетикалық бағыт (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін) - 60			
1	Бейнелеу өнері	30	22766
2	Керамика және мүсін	30	23766
Дене тәрбиесі - спорттық бағыт - 2380			
	Оның ішінде:		
1	Үлкен теннис	100	13449
2	Ат спорты	60	17733

3	Дойбы	100	9680
4	Шахмат	100	9680
5	Көркем гимнастика	20	14520
6	Каратэ	150	13449
7	Самбо	150	13449
8	Тоғызқұмалақ	120	9680
9	Қазақша күрес	50	13449
10	Бокс	20	14520
11	Ұлттық ойындар	10	13449
12	Жүзу	1500	17733
Дене тәрбиесі - спорттық бағыт (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін) - 330			
1	Көркем гимнастика	30	24755
2	Жүзу	200	27968
3	Дойбы	50	13745
4	Шахмат	50	13745
Тарихи - өлкетану бағыты - 20			
1	Туризм	10	113778
2	Жас тарихшы	10	9680

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК